

Экспорттық бақылау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы N 9 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 300 Заңымен

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007.07.21. N 300 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

Осы Заң Қазақстан Республикасының халықаралық, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздігі мүддесіне, қару-жараққа, әскери техникаға, ядролық және арнайы ядролық емес материалдарға, әскери мақсаттағы өнімге, екі ұдай қолданылатын тауарлар мен технологияларға, оларды өндіру мен пайдалануға байланысты шикізатқа, материалдарға, жабдықтарға, технологияларға, ғылыми-техникалық ақпарат пен көрсетілетін қызметке экспорттық бақылауды жүзеге асырудың және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау режимін нығайтудың негіздері мен т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

өнім - экспорттық бақылауға жататын тауарлар, технологиялар, жабдық, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, ақпарат;

екі ұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялар - азаматтық мақсаттарда пайдаланылатын, бірақ қару-жарақ, әскери техника және оқ-дәрілер, оның ішінде жаппай қырып-жоятын қару мен оларды жеткізу құралдарын өндіру үшін қолданылуы мүмкін жабдық, материалдар, шикізат, технологиялар мен ғылыми-техникалық ақпарат;

жаппай қырып-жоятын қару - химиялық, бактериологиялық (биологиялық), радиологиялық және ядролық қару;

жеткізу құралдары - жаппай қырып-жоятын қаруды жеткізе алатын кез келген техникалық құралдар;

қарудың өзге де қауіпті түрлері - жаппай қырып-жоятын қарудың дәстүрлі

емес (әдеттегіге жатпайтын) түрлері;

экспорттық бақылауға жататын өнім номенклатурасы - қару-жарақ пен әскери техниканың, ядролық және арнайы ядролық емес материалдардың бақылау тізімдері, тізбелері, екі ұдай қолданылатын тауарлар мен технологиялар, шикізаттың, материалдардың, жабдықтардың жекелеген түрлері, жаппай қырып-жоятын қаруды, қарудың өзге де қауіпті түрлері мен оларды жеткізу құралдарын жасау кезінде қолданылатын немесе қолданылуы мүмкін техникалық, ғылыми-техникалық ақпарат, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтар - қару-жарақпен, әскери техникамен, екі ұдай мақсаттағы өніммен, арнаулы жабдықпен және жаппай қырып-жоятын қаруды жасауға арналған технологиямен байланысты ғылыми еңбектерге, электрондық есептеу машиналарына арналған бағдарламалар мен деректер базасына авторлық құқықтар, өнеркәсіптік меншікке құқықтар, өнертабысқа құқықтар, жеке және заңды тұлғалар өндірген (оларға тиесілі) өнімге, өнеркәсіптік үлгілерді, "ноу-хауды" қоса, олар атқаратын қызметке құқықтар;

экспорт - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан өнімді осы аумақтан тыс жерде тұрақты орналастыру немесе тұтыну мақсатымен әкету, шетелдіктерге қару-жарақпен және әскери техникамен, екі ұдай мақсаттағы өніммен байланысты қызметтер көрсету және санаткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтар беру;

кері экспорт - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндірілген өнімді (бұрын әкелінген және кедендік ресімдеуден өткен) оның кеден аумағынан экспорттау, не Қазақстан Республикасында өндірілген өнімді басқа мемлекеттің кеден аумағынан үшінші елдерге экспорттау;

импорт - тұрақты орналастыру немесе тұтыну мақсатымен Қазақстан Республикасының кеден аумағына өнім әкелу;

кері импорт - шет елдерден оларда өңделмеген отандық тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден аумағына қайта әкелінуі;

экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде өңдеу - қазақстандық тауарларды өңдеу және өңделген өнімдерді кейіннен Қазақстан Республикасының кеден аумағына еркін айналысқа шығару мақсатымен Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерге әкету және пайдалану;

транзит - өнімге кедендік бақылау жасай отырып оны Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткізу;

сыртқы экономикалық қызметке қатысушы (мәлімдеуші) - өнімнің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын және транзитін жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғалары, шетелдік

з а ң д ы н е м е с е ж е к е т ұ л ғ а л а р ;

ядролық және арнайы ядролық емес материалдар - ядролық қаруды таратпау жөніндегі халықаралық режимнің талаптарына сәйкес осындай деп белгіленген м а т е р и а л д а р ;

кепілдік міндеттеме (түпкі пайдаланушының сертификаты) - экспорттық бақылауға жататын импортталатын өнімді мәлімделген мақсатта пайдалану және оны сатушы елдің келісімінсіз үшінші елдерге кері экспорттауға жол бермеу туралы Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы берген, алушы елдің ресми сендіруі;

фирма ішіндегі экспорттық бақылау жүйесі - экспорттық бақылау ережелерін сақтау мақсатында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар жүзеге асыратын ұйымдастырушылық, әкімшілік, ақпараттық және өзге де сипаттағы і с - ш а р а л а р к е ш е н і ;

экспорттық бақылау - экспорттық бақылауға жататын өнім экспортының, кері экспортының, импортының, кері импортының және транзитінің осы Заңда және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртібін Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының іске асыруы жөніндегі шаралар жиынтығы;

тұтастай қамтитын бақылау - бақылау тізіміне кірмейтін өнімдерді бақылау;

Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары - экспорттық бақылауға жататын қару-жарақ пен әскери техниканың, ядролық және арнаулы ядролық емес материалдардың, екі ұдай қолданылатын (мақсаттағы) тауарлар мен технологиялардың, жекелеген шикізат түрлерінің, материалдардың, жабдықтардың, техникалық, ғылыми-техникалық ақпараттың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын және транзитін бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

2-бап. Экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың принциптері

Экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың н е г і з г і п р и н ц и п т е р і :

- жаппай қырып-жоятын қаруды, қарудың өзге де қауіпті түрлері мен оларды жеткізу құралдарын таратпау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді сақтау;

- экспорттық бақылауды жүзеге асыру ісінде саяси мүдделердің басым болуы;

- халықаралық міндеттемелерге сәйкес қаруды таратпау режимі ауқымында бақылауға жататын өнімнің түпкі пайдаланылуын тексеру;
- экспорттық бақылау туралы заңдар жөніндегі ақпаратты оңай алу мүмкіндігі ;

халықаралық терроршылдықты қолдауға жол берілмеуі;
экспорттық бақылау саласында халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен күш-жігерді үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау;
экспорттық бақылау рәсімдері мен ережелерінің жалпыға бірдей танылған практикаға сәйкестігі.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

3-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі заңдары

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда көзделгендерден өзгеше нормалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

4-бап. Экспорттық бақылау жөніндегі заңдардың қолданылу аясы

Осы Заңның күші осы Заңның 6-бабында аталған өнімнің экспортына, кері экспортына, импортына, кері импортына және транзитіне, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың (мәлімдеушілердің) қызметіне де қолданылады .

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспорттық бақылау саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі:
экспорттық бақылау саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді ;

Қазақстан Республикасында экспорттық бақылау жүйесін жасап, дамытады;
экспорттық бақылау жөніндегі ведомствоаралық консультациялық-кеңесші органды құрады және Экспорттық бақылау жөніндегі ведомствоаралық консультациялық-кеңесші орган туралы ережені бекітеді;
экспорттық бақылау саласында қаулылар шығарады;

экспорттық бақылауға жататын тауарлар мен өнімдердің бақылау тізімдерін,
тізбелерін бекітеді;

экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің басқа да мемлекеттік органдары мен олардың өкілеттігін белгілейді;

осы Заңға сәйкес экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына, импортына және транзитіне саны жөнінен шектеулер енгізеді;

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 , 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2003.09.26. N 485 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

5-1-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы:

мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіреді;

экспорттық бақылау жүйесін іске асыруға, ережелер мен рәсімдерді бір ізге түсіруге байланысты шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарының ұсыныстары бойынша оларға түзету енгізеді;

экспорттық бақылауға жататын тауарлармен өнімдердің бақылау тізімдерін, тізбелерін әзірлейді;

экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортын, кері экспортын, импортын, кері импортын, транзитін және кеден аумағынан тыс жерде өңделуін бақылайды;

экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортын лицензиялауды жүзеге асырады;

халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен экспорттық бақылау саласында шаралар әзірлейді және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып, қажет болған кезде экспорттық бақылауға жататын өнімді жөнелту алдындағы кезеңде және оның түпкі пайдаланылуын тексеруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасында экспорттық бақылау жүйесін жетілдіреді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша кепілдік міндеттеме (түпкі пайдаланушының сертификатын) береді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат береді;

мәлімдеушілер мен мүдделі мемлекеттік органдарға экспортталатын өнімді экспорттық бақылауға жататын өнімге жатқызу туралы қорытынды береді; осы Заңға сәйкес сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтінім берушілерге) сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға рұқсат береді.

Ескерту. 5-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

5-2-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары :

экспорттық бақылау саласында нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға қатысады ;

экспорттық бақылауға жататын өнімнің Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңсыз өткізілуінің алдын алады және оның жолын кеседі;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген номенклатура бойынша халықаралық міндеттемелерге сәйкес кепілді міндеттемелер береді.

Ескерту. 5-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

6-бап. Экспорттық бақылауға жататын өнім

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен халықаралық міндеттемелерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі экспорттық бақылауға жататын тауарлар мен өнімнің бақылау тізімдерін, тізбелерін белгілейді және бекітеді.

Оларға мыналар жатады :

жай қару-жарақ пен әскери техника, шикізат, материалдар, арнаулы жабдық пен технологиялар, оларды өндіруге байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер ;

ядролық және арнайы ядролық емес материалдар, жабдық, қондырғылар, технологиялар, иондық сәуле шығаратын көздер, өнім, екі ұдай қолданылатын жабдық пен тиісті технологиялар, оларды өндіруге байланысты жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер ;

таратпаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін тізімдер, тізбелер бойынша химиялық қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін екі ұдай қолданылатын химикаттар мен технологиялар;

тізімдері, тізбелері таратпаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін бактериологиялық (биологиялық) және улы қару жасау кезінде пайдаланылуы мүмкін ауру қоздырғыштар, олардың генетикалық жағынан өзгерген нысандары мен генетикалық материалдың бөлшектері;

тізімдері, тізбелері таратпаудың халықаралық режимдерімен белгіленетін ракеталық техника, двигателдер, олардың компоненттері, жабдығы, ракеталық техника жасау кезінде қолданылатын материалдар мен технологиялар; қарудың өзге де қауіпті түрлері; ғылыми-техникалық ақпарат, әскери мақсаттағы өнімге және екі ұдай қолданылатын технологияларға байланысты көрсетілетін қызметтер мен санаткерлік қызметтің нәтижелері.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

7-бап. Экспорттық бақылау және оны жүзеге асыру тәртібі

Экспорттық бақылау Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының жаппай қырып-жоятын қаруды, өзге де қару түрлері мен оларды жасау технологияларын таратпау жөніндегі халықаралық міндеттемелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен басқа да халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Экспорттық бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мәлімдеуші лицензияны алу үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпке сәйкес құжаттар береді.

Лицензияны алу үшін берілген мәліметтердің дұрыстығына мәлімдеуші жауапты болады.

Сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыру кезінде мәлімдеуші келісім-шарт жағдайында Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жүйесі мемлекеттік органдарының экспорттық бақылауға жататын өнімнің түпкі пайдаланылуын тексеруіне қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.

Лицензия берген Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы, сыртқы экономикалық қызметке қатысушы (мәлімдеуші) экспорттық операцияларды жүргізу тәртібін бұзған жағдайда, оның күшін тоқтата тұруға құқылы.

Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары қажет болған жағдайларда экспорттық бақылауға жататын өнімді тиіп жіберу алдындағы кезеңде қарап шығуды және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес оның түпкі пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыра алады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар немесе басқа мемлекеттердің Қазақстан Республикасы аумағында уақытша орналасқан әскери құралымдары қаруланған (жарақтанған) экспорттық бақылауға жататын жарақтарды, өнімдерді жөндеу (жаңғырту) мақсатында Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізу, сондай-ақ

экспорттық бақылауға жататын өнімдерді Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерде өңдеу Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы экспорттық бақылауға жататын өнімді әкету мен әкелуге бақылау жасауды Қазақстан Республикасының кеден органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 , өзгерту енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Кері экспорт және транзит

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспорты осы Заңда экспорт үшін белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасынан шығарылатын және экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспорты Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелінген және экспорттық бақылауға жататын өнімнің кері экспорты өнім өндірілген елдің құзыретті орталық атқарушы органының рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы өнім өндірілген елдің құзыретті мемлекеттік органы берген рұқсаттың заңдық күшін анықтауға құқылы.

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзиті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

8-1-бап. Тұтастай қамтитын бақылау

Тұтастай қамтитын бақылау талаптарын қамтамасыз ету мақсатында, егер сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға (өтінім берушілерге) тауарлар, ақпарат, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, санаткерлік қызмет нәтижелері шет мемлекеттің немесе шетелдіктің жаппай қырып-жоятын қару мен оны жеткізу құралдарын жасау мақсатына пайдаланылатыны анық белгілі болса, оларға бұл тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызмет көрсетулермен, санаткерлік қызмет нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелер жасасуға немесе оған өзге де кез келген түрде қатысуға тыйым салынады.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (өтінім берушілер) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен осы

Заңның 6-бабында көрсетілген тізбелердің қолданылу аясына жатпайтын тауарлармен, ақпаратпен, жұмыстармен, қызмет көрсетулермен, санаткерлік қызмет нәтижелерімен сыртқы экономикалық мәмілелерді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органынан мына жағдайларда:

олар Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы немесе өзге де құзыретті мемлекеттік орган арқылы осы тауарлар, ақпарат, жұмыстар, қызмет көрсетулер, санаткерлік қызмет нәтижелері осы баптың бірінші бөлігінде аталған мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екендігі туралы хабардар етілгенде;

осы тауарлар, ақпарат, жұмыстар, қызмет көрсетулер, санаткерлік қызмет нәтижелері осы баптың бірінші бөлігінде аталған мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін екендігіне олар негіз бар деп санағанда рұқсат алуға міндетті.

Ескерту. 8-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 , 8-1-бапқа өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

8-2-бап. Ұйымдардағы фирма ішіндегі экспорттық бақылау жүйесі

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген экспорттық бақылау ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету, аталған салада құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы ұйымдарға фирма ішіндегі экспорттық бақылау жүйесін құруға жәрдемдеседі және оларға қажетті ақпараттық- әдістемелік қолдау көрсетеді.

Ескерту. 8-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

9-бап. Қазақстан Республикасының экспорттық бақылауға байланысты халықаралық санкцияларға қатысуы

Қазақстан Республикасының бір мемлекетке немесе бірқатар мемлекеттерге қатысты экспорттық бақылауға байланысты халықаралық санкцияларға қатысуы және бұл санкциялардың күшіне енгізілуі Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе басқа да халықаралық ұйымдар шешімдерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді. Жекелеген жағдайларда мұндай санкцияларды Қазақстан Республикасы біржақты қолдана алады.

Халықаралық экономикалық санкциялар жарияланған жағдайда экспорттаушыларға шығындарды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

10-бап. Экспортты шектеу

Қазақстан Республикасы шет мемлекеттер Қазақстан Республикасы алдында алған міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері бойынша экспорттық бақылауға жатқызылатын өнім экспорты, импорты және транзиті жөнінде оларға қатысты шектеулер енгізуге, тіпті оған тыйым салуға құқылы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін орындау мүдделерін негізге ала отырып, экспорттық бақылауға жататын өнімнің Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан экспортталуына және импортталуына шектеулер енгізілуі мүмкін мемлекеттердің тізбесін белгілейді.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

11-бап. Ақпаратты қорғау

Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау жүйесінің мемлекеттік органдары сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардан (өтінім берушілерден) өздері алған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті.

Ақпараттың құпиялылық режимі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделеріне теріс ықпал етуі мүмкін болатын жағдайларда осы баптың бірінші бөлігінің ережелері қолданылмайды.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

12-бап. Халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы экспорттық бақылау және жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау режимдерін нығайту саласында халықаралық ұйымдармен және шет мемлекеттермен ынтымақтастық жасайды.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2000.11.24. N 105 Заңымен .

13-бап. Экспорттық бақылау туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары, сондай-ақ шетелдік заңды және жеке тұлғалар, азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау туралы заңдарын бұзған жағдайда олар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапты болады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

